

Кавказ халқының мерекелері мен әдет ғұрыптары

Кавказ — батыста Қара теңіз бен Азов теңізінен, шығыста Каспий теңізіне дейін созылып жатқан таулы өлке. Солтүстігінде Кума-Маныч ойпатымен шектеледі. Оңтүстігінде шекара айқын емес – Алдыңғы Азия таулы қыраттарына ұласып жатады. Ресей, Грузия, Әзірбайжан және Армения мемлекеттері жерінде орналасқан. Негізгі бөлігі – Үлкен Кавказ тау жүйесі (Эльбрус тауы, 5642 м). Оның Солтүстік етегінен Кума-Маныч ойпаңына дейінгі жер Кавказ алды деп аталады. Оңтүстік Колхида ойпаты мен Кура ойпаты Үлкен Кавказды Кавказ сырты таулы қыратынан бөледі. Таулы қыраттың Солтүстік және Солтүстік-шығыс шеткі тізбектері Кіші Кавказ тау жүйесін құрайды, Оңтүстік ішкі бөлігі Армян (Джавахет-Армян) жанартаулы қыратына жатады (Арагац тауы, 4090 м). Кавказ – альпілік қатпарлану кезеңінде көтерілген тау. Климаты қоңыржай және субтропиктік белдеулердің шекарасындағы орнымен тығыз байланысты. Кавказдың батыс бөлігінде – қоңыржай континенттік, далалық шығысында – құрғақ, континенттік, Колхида мен Ленкорань ойпаттарында – ылғалды субтропиктік, Кура – Аракс ойпатында – құрғақ субтропиктік, биік тау бастарында – биік таулық салқын белдеулер қалыптасқан. Үлкен Кавказдағы мұздықтардың жалпы ауданы 1428 км². Өзендері Каспий т. (Кура, Сулак, Терек, Кума), Қара теңіз (Риони, Ингури) және Азов т. (Кубань) алаптарына жатады. Ең ірі көлі – Севан. Үлкен Кавказ бен Кіші Кавказдың беткейлерін орман алып жатыр (емен, шәмшат, граб, шырша, майқарағай). Одан жоғарыда субальпілік және альпілік шалғындар, Джавахет – Армян таулы қыратында тау даласы қалыптасқан. Колхида мен Ленкорань ойпаттарына ылғалды субтропиктік орман тән. Кавказ мұнай, газ, қара және түсті металл кендеріне, минералдық су көздеріне бай. “Севан” ұлттық саябағы және бірнеше қорықтар бар. Кавказдың курорттық маңызы зор және альпинизм мен туризм дамыған аймақ.



SARMATIA ASIATICA

Black Sea

COLCHIS

IBERIA

Caspian Sea

ALBANIA

**ASIA
MINOR**

ARMENIA

MEDIA

MESOPOTAMIA

Ancient Caucasus

Халықтың өзінше атауы - түрікмендер. Көпшілігі Түрікменстанда тұрады. Түркі тілдер тобының оғыз бұтағына кіретін түрікмен тілінде сөйлейді. Әдеби тілі текин диалектісі негізінде. Суннит-мұсылмандар дінін ұстанады.

Түрікмендердің негізгі кәсібі егін шаруашылығымен бірге көшпелі және отарлы мал шаруашылығы. Дәстүрлі тұрағына киіз үй (гара ой) жатады. Сонымен қатар тұрмыстық қоныстарының қатарына 1-3 бөлмелі саз балшықтан соғылған немесе өңделмеген кірпіштен тұрғызылған жазық төбелі, кішкене терезелері бар үй (там) жатады.

Ұлттық тағамдарына түрлі дәмдеуіштер қосып, еттен жасалған сорпа (чорба), қуырылған ет (говурма), палау (палов), сүтті тағамдарына сиырдың, ешкінің, түйенің сүтінен жасалған тағамдар (гатык, сузме, агаран) жатады. Ұннан шелпек (чорек, гатлама, челпек) пісіреді. Көп мөлшерде көк шай (гок чай) ішеді.

Егде жастағы түрікмендерде сақталған ерлер костюмдері жейде мен дамбалдан тұрады: сыртынан шапан киген. Бас киімдеріне ішінде кестеленген тақиясы бар, ұзын жұмсақ шашақты биік бөрік жатады. Шабандардың ұлттық аяқ киімдеріне ірі кара терісінен тігілген - чарык, чакай жатады. Қызыл түсті жібек шапандарды - гырмызы дон - телпекпен бірге мереке кездерінде, сондай-ақ, жас жігіттер киеді.



Халықтың өздерінше атауы - азербайджанлылар. Тілі - әзірбайжан тілі, түркі тілдерінің оңтүстік-батыс тармағына жатады. Шиит ағымындағы ислам діні. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы әзірбайжандардың қонысы әктастан салынған төбесі жазық немесе екі жағында еңісті қаңылтыр жабынқыш шатыры мен қалқаланған ашық дәлізі бар бір қабатты үй, онда ас дайындаған, тамақтанған және демалған. Ең жақсы бөлме қонақтарды қабылдауға арналған. Ол үйдегі кілемдермен және ең қымбат, жаңа заттармен жабдықталды.



Өздерін өзі “нахчо” деп атайды.. Тілі – шешен, кавказ тілдерінің нах (вайнах) тармағына жатады. Діні – суннит ағымындағы ислам. “Шешендер” этнонимі алғаш рет ХҮІІІ ғасырдың басында орыс және кабардалық дереккөздерде пайда болды. Ол көне де ең ірі “Шешен- аул” халқы атауынан бастау алады. ХІХ ғасыр соңы – ХХ ғасыр басындағы шешен үйлеріне бөлмелерін «айқас» үй үлгісі бойынша жобалау және өзара есіктермен байланысқан аралас бөлмелердің болуы тән, сонымен бір уақытта Солтүстік Кавказдың басқа халықтарында әр бөлменің аулаға шығатын өз есігі болған.

